

Тақырыбы: *Тұмау және құс тұмауы кезіндегі жүргізілетін шаралардың стандарттары мен алгоритмдері*

Орындаған: Төлеубекова А.А

Топ:320-Жм

Тексерген.:

Астана – 2017ж


Жоспар

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
 - a. Тұмаудың этиологиясы мен патогенезі
 - b. Тұмаудың клиникалық көріністерінің сипаттамасы
 - c. Тұмауды емдеу қағидаларымен танысу
 - d. Тұмау кезіндегі алдын алу шараларының әдістері
 - e. Құс тұмауымен күресудің шаралары
 - I. Қортынды
- II. Пайдаланған әдебиеттер

Тұмау немесе грипп (лат. *grippus*, фр. *gripper*, ағылш. *influenza* – "бас салу, шап беру") – тыныс жолдарының жұқпалы вирустық ауруы. Аурудың қоздырғышы – ортомиксовирустар, олардың үш типі: А, В, С бар. Өте жұқпалы ауру. Тұмау вирусының сыртқы қабыршағының құрамында гемагглютинин (оны Н әрпімен белгіленеді) және нейраминидаза (N әрпімен белгіленеді) болады. Олар әр түрлі факторлардың әсерінен өзгеріп, тұмау вирусының жаңа вариантын түзуі мүмкін.



The HIV Virus



Кейде ол асқынып кетіп тыныс жолын, нерв жүйесін, қан тамырды, жүректі ауруға шалдықтырады. Тұмауды қоздыратын вирустар (микробтар) тыныс жолының кілегей қабығында өсіп - өнеді. Тұмау тиген адам аурудың микробын жөтелгенде, түшкіргенде және қақырығы арқылы ауаға таратады. Сондай - ақ тұмау вирусы науқастың ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы және т. б. арқылы жұғады.

Тұмаудың негізгі қауіпі – ол тұмаудан кейінгі асқынудың дамудың тәуекелдігі болып табылады. ең көбірек кездесетін асқынулардың түрлері:

- ❖ Бактериалды өкпе қабынуы;
- ❖ Ринит;
- ❖ Синусит;
- ❖ Бронхит;
- ❖ Құлақтың қабынуы;
- ❖ Жүрек-қан тамырлары жүйесінің асқынуы;
- ❖ Бұлшық еттің асқынуы;
- ❖ Созылмалы аурулардың асқынуы.

Тұмаудың алғашқы белгілері

Тұмаудың бір өзгешелігі клиникалық белгілердің өте тез дамуы. Дененің қызуы бірінші 24–36 сағаттарда барынша көпке жетеді (39°C – 40°C).

- Көбінесе маңдайдың шеке тұсында өршитін,
- бастың ауыруы,
- көзді қозғалтқанда болатын көз алмасының ауыруы,
- жарыққа қарай алмау,
- бұлшық еттер мен буындардың ауыруы,
- лоқсу немесе құсу жиі пайда болады,
- артериалды қысымның төмендеуі мүмкін болады.
- құрғақ ауыртатын жөтел,
- мұрынның бітелуі, көбінесе аурудың басталғанынан кейін бірнеше сағаттан соң пайда болады. Тұмау кезінде әдеттегідей кеуде тұсында жанға бататын жөтелі бар, трахеит ауруы болып табылады.



Балаларда болатын тұмау түрлерінің клиникалық сипаттамасы

Тұмаудың жеңіл түрінде, дене температурасы субферильді немесе қалыпты, улану белгілері дұрыс білінбейді. Нәрестеде тек қана аз мөлшерде катаральдық құбылыстар болуы мүмкін.

Орташа түрінде, тұмаулық улану белгілері байқалады (тоңып дірілдеу, бас ауруы, бұлшық еттің және буындардың ауруы), дене температурасы 39,5 С-ге дейін көтеріледі. Круп синдромының, абдоминальдық синдромның дамуы мүмкін.

Ауыр түрінде, улану белгілері басым байқалады (естің бұзылуы, сандырақтау, елестер, тырысу), дене температурасы 40-40.5 С-ге дейін көтеріледі, жүрек-тамыр қызметінің бұзылуы және т.б. орын алады.

Тұмаумен және жедел респираторлы вирусты жұқпалармен ауыратын балаларды ауруханаға жатқызу клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады.

Клиникалық көрсеткіштер:

1. Аурудың ауыр түрлері.
2. Тұмаудың асқынуы.
3. Аурудың күрделілігіне қарамастан жаңа туған нәрестелер және бір жасқа дейінгі балаларды ауруханаға жатқызған жөн.

Үлкендерге қарағанда, балаларда (3 жасқа дейінгі) гипертермия ауыр жағдайда өтеді, кейде тырысу болуы мүмкін.

Тұмауды емдеу қағидаларымен танысу

1. Нәрестені төсек орынына жатқызып, жанұяның басқа мүшелерінен оқшаулау қажет.
2. Дәрігерді шақыру керек.
3. Егер де нәресте қатты терлейтін болса, оны сүлгімен құрғатып, төсек орынын жиі ауыстырып отыру қажет.
4. Егер ауру қалтыраудан басталса, баланы жақсы орау керек, нәрестеге тәтті шәй беріп, жылытқыны аяғына қою керек.
5. Дене температурасының 38 С-ден асқаны жағдайында ыстығын басатын дәрілер беру керек:
 - парацетомол, эффералган және цефекон балауызын, ибуфен және т.б. жасына сай мөлшерде;
 - суытудың табиғи әдістері: «қызыл» қалтырауда спирттік ерітіндімен ысқылау, «боз» қалтырауда (инфекциялық улану есеңгіреудің бір көрініс) қарқынды терапия.
 - балаларға ацетилсалицилдық қышқылды қабылдауға болмайды.
6. Осы кезеңде шәй, морс, жеміс шырындары түріндегі сұйықтың жеткілікті көлемін беру қажет.

ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

1. Ең тиімді алдын алу әдісі - тұмауға қарсы вакцинасы.
2. Эпидемия кезінде адамдармен байланысыңызды мүмкіндігінше азайтуға тырысыңыз (қоғамдық көліктермен сирек жүріп, қонаққа барудан бас тартыңыз).
3. Бөлмеңізді, үйіңізді жиі желдетіп, ылғалды түрде жиыстырып қойыңыз.
4. Мұрыныңыздың шырышты қабығын интерферонды қолдана отырып, 0, 25 пайызды оксалин майымен майлап қойыңыз.
5. Сарымсақ пияз сонымен қатар құрамында С дәрумені бар өнімдерді көбірек пайдаланыңыз лимон, орамжапырақ, қара қарақат.
6. Төрт қабатты дәкелі таңғышты қолданыңыз.
7. Толық тамақтаныңыз
8. Таза ауада жүйелі түрде серуендеу, денешынықтырумен және спортпен айналысуды қолға алыңыз.
9. Тұмаумен ауыратын науқасты басқалардан алшақтауды ұмытпаңыз



MD
фармацевтический центр



«Құс тұмауы» - бұл құстардың жұқпалы ауруы, ол вирусты тұмаудың А типіне жатады. Құс тұмауының вирусы алғаш рет ХХ ғасырдың басында Италияда анықталған, көптеген уақытқа дейін адамдарға қауіпті деп саналып келді. Құс тұмауымен ауырған адам алғаш рет 1997 жылы Гонконгтан анықталған, тұмаудың 1 түрі 18 адамның ауыруына әкеліп соқтарды, оның 6 адамы қайтыс болған.



Ал адамдар арасында күс тұмауының белгілері кәдімгі тұмаумен ауырғандағығы ұқсастықтан астап, көз инфекциясы, өкпенің қабынуы т.б. Қлімге қатер төндіретін ауыр сырқаттар белгілерінде көрініс береді. Ауру кенеттен қатты қалтыраудан, бұлшық еттерінің ауруынан басталып, жөтел, тынысының тарылуы және ентігу пайда болады.



Құс тұмауынан сақтану үшін келесі шараларды сақтау қажет:

- ❖ Ауылдық елді-мекендерде тұратындар үй құстарын өз ауласында ұстауы тиіс. Бұл жағдайларды олар жабайы құстармен байланыста болмайды;
- ❖ Құс еттерінен тамақ дайындау барысында тиісті шараларды сақтау қажет;
- ❖ Құстың шикі етімен және құстардан жасалған тағамдармен жұмыс жасағаннан кейін, қолыңызды сабынмен жақсылап жуыңыз.

Қорытынды

Тұмау немесе грипп (лат. grippus, фр. grippe, ағылш. influenza – "бас салу, шап беру") – тыныс жолдарының жұқпалы вирустық ауруы. Тұмаудың бір өзгешелігі клиникалық белгілердің өте тез дамуы. Дененің қызуы бірінші 24–36 сағаттарда барынша көпке жетеді (39°C–40°C). Құс тұмауының вирусы алғаш XX ғасырдың басында Италияда анықталған және ұзақ бойы адамдар үшін қауіпсіз деп есептелінген. 1999 жылдардағы індеттерден кейін құс тұмауына қарсы вакциналар дайындала басталды, олар клиникалық сынақтардан өтуде. Ем шаралары жүргізілген кезде құс тұмауын емдеуде кәдімгі адам тұмауына қарсы дәрі-дәрмектер жақсы нәтиже берген. Құс тұмауы вирусының "амантадин" және "ремантадин"ге сезімталдығы анықталған. Оған қосымша "санамивир" және "озельтамивир" дәрілерінің құс тұмауын емдеуде тиімділігі өте жоғары. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында құс тұмауының таралуының алдын алу үшін төмендегі іс-шаралар жүргізілуде. Құс фермаларында ветеринарлық қадағалау, залалсыздандыру талаптары күшейтілген, құс тұмауына күдікті 5000 құс өртелінді. Шетелдерден және құс тұмауы тіркелген аудандардан құс өнімдерін тасымалдауға тыйым салынған.

Қолданылған әдебиеттер

1. Сапарбеков М.К “Эпидемиология и профилактика инфекций в Казахстане”
2. Интернет желісі:

<http://kk.convdocs.org/docs/index-2266.html?page=2>

<http://old.gdib.kz/en/2011-03-24-14-47-25/168-2014-10-19-17-37-04.html>

http://pktik.kz/kz/dosug/salauattyi_om%D1%96r_saltyi_n_ystanamyz/tema_mesyachnika_-_gripp.html